

№6 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы МКҚК бойынша
Кезектен тыс педагогикалық кеңесінің №8 хаттамасы.

Мәртөк селосы

26.05.2025ж

Қатысқандар - 10

Күн тәртібі:

1. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 23.10.2024 жылғы №18-2-4-06/2603 хатындағы 2025 жылы аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жүргізу.
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын құру.

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші м.а. Дабысова А.Б сөз алды. 2024 жылғы 23-қазан Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылы аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде балабақша 2025 жылдың тамыз айына мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Мемлекеттік аттестаттау ҚР «Білім туралы» Заңы аясында мемлекеттік аттестаттау- білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігі бақылау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім.

Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүргізіледі. Осы заңнамаға сәйкес барлық құжаттарды ұсынуымыз керек деп айтып өтті. Сонымен бірге бір ай бұрын өзін-өзі бағалау материалдары балабақша сайтына уақытлы жариялануы керек.

Өзін-өзі бағалау жүргізу мақсатында комиссия құруды ұсынды. сонымен бірге білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметкерлерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне соңғы 3 жыл яғни 2022-2023ж, 2023-2024ж, 2024-2025 оқу жылдарына өзін-өзі бақылау жүргізіледі және білім беру саласындағы уәкілетті мекемеге, оның аумақты бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде ата-аналар мен педагогтар Ақтөбе облысының

білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті тарапынан сауалнама жүргізілетіні айтылды.

№6 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін өзін-өзі бағалау комиссиясы келесі құрамда ұсынылды.

Комиссия төрайымы:

Дабысова А.Б- м.а меңгеруші

Бакытова У.Е – әдіскер

Жармуханова А.Б -тәрбиеші

Шилан О.М - шауашылық меңгерушісі


Абдикаримова Г.К – тәрбиеші

Шешім мен ұсыныс:

1. №6 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізілсін.
2. №6 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін өзін-өзі бағалау комиссиясы бекітілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Б.Дабысова

А.С.Ракишева